

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Қарағанды медицина колледжі

Әлімхан Әбеуұлы

Ермеков


Орындаған: Матиш С.С. 2-1топ

Тексерген: Зейнегабиева Ж.М.

2017-2018жж

Әлімхан Әбеуұлы
Ермеков-(1891-1970жж
) өмір сүрген.

Мемлекет және қоғам
қайраткері, Алашорда
үкіметінің мүшесі,
математикадан
тұңғыш қазақ
профессоры.



- **Әлімхан Ермеков** 1891 жылы осы күнгі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Бөріктас деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Әбеу халыққа қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәуіріндегі зиялылардың бірі болған. 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр болған Әлімхан мектепті үздік бітіріп, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына түседі. Осы оқу орнын 1912 жылы алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне қабылданады.

Өмірбаяны

- Патша өкіметі құлатылғаннан кейін елдегі қалыптасқан жағдайды айқындап, алда не істеу керектігін шешіп алу үшін жер-жерде қазақ съездері ашылып жатты. Ә.Ермеков, алғаш рет саяси іске алаш қозғалысына, 1917 жылы 27 сәуір, 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысады. Онда ол басқа да адамдармен бірге съезд президиумының хатшылығына, одан кейін съезд шешімімен Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады.

Алаш Қозғалысы

1917 жылы 8-17 қазанда Сібір облыстық съезіне, делегаттар жиналысы атынан қатысады да, оның президиумына Семей облысынан кіреді. Съезде Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын комитет құрылып, оған қазақ делегаттары Ә.Ермековті кіргізеді.



- Қазақ автономиясын құруда Ә.Ермековтің өлшеусіз еңбегін зерделей отырып, онан кейінгі жасампаздық жолдары Қазақ елінің шаруашылық жайын қалыптастырып, нығайтуға халықты ағарту сияқты нақты істерге бағытталғандығына көз жеткіземіз. Қарқаралыда мектеп ашады, Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оыған. **1957 жылы** 26 қарашада Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде математикадан дәріс оқыды.
- **1970 жылы** қайтыс болады.

Қорытынды

1) Ә.Ә. Ермеков қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
1891ж Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Бөріктас.

2) Ә.Ә. Ермеков қай жерде білім алды?
Семейдегі ерлер гимназиясында.

3) Қандай пәннен тұңғыш қазақ профессоры?
Математика.

4)Қай жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысады?
1917 жылы 27 сәуір

5)Қай жылы қай күні Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде математикадан дәріс оқыды?

1957жылы 26 қарашада
